

Маңызды стратегиялық мәні бар мемлекеттік сатып алу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 29 шілдедегі N 793 Қаулысы

"Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 21-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ**
Е Т Е Д І :

1. "McKisney&Companу" компаниясы мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі мемлекеттік холдингті құру үшін бизнес-жоспарды әзірлеу жөнінде зерттеу жүргізу бойынша сатып алудың маңызды стратегиялық мәні бар қызметтерді беруші болып б е л г і л е н с і н .

2. "Маркетингтік-талдамалық зерттеулер орталығы" акционерлік қоғамына заңнамада б е л г і л е н г е н т ә р т і п п е н :

1) осы қаулының 1-тармағында көрсетілген заңды тұлғамен мемлекеттік сатып алу т у р а л ы ш а р т ж а с а с у д ы ;

2) осы қаулыға сәйкес зерттеу жүргізу жөніндегі қызметтерді мемлекеттік сатып алу үшін пайдаланылатын ақшаны оңтайлы және тиімді жұмсау қағидатын сақтауды, сондай-ақ "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 21-бабының 3, 4-тармақтарын орындауды;

3) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдауды қамтамасыз ету ұ с ы н ы л с ы н .

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі